

ӘОЖ 008.2

АБАЙ ЖҮРГЕН ІЗБЕНЕН
(Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясы бойынша)

Жумаксанова Мира Шагановна

mirajan@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Философия кафедрасының оқытушысы, магистр, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Бүгінде мәдениет пен мәдениет әлеуеті көптеген елдердің дамуының кілті. Оның бірі – мәдени география. Қазіргі кезде мәдени география — Қазақстандағы жаңа географиялық бағыт болып табылады. Оның пайда болуына мемлекет идеологиясының өзгеруі себеп болды. Мәдени география – мәдени географиялық кеңістікті қарастырып, кеңістіктегі география түрлілігін және оның ландшафттағы бейнесі мен географиямен байланысын зерттейді. Сонымен қатар мәдениеттегі географиялық кеңістікті көрсетеді. Шет елдерде мәдени география - әлеуметтік география салаларының (экономикалық география, әлеуметтік география және саяси география) бірін құрайды. Қазақстанда мәдени география толыққанды ғылыми пән ретінде қалыптаспағандықтан, бір-біріне жақын ғылыми бағыттардың жиынтығы ретінде ғана қарастырылады.

Мәдени география антропогеографиядан ең маңызды екі дәстүрді мұра етіп қалдырды: қоршаған орта дәстүрі және мәдениетті кеңістіктік талдау дәстүрі. [4, 1-2 бет]

Қазіргі кезде өзекті мәселелердің бірі - поэтикалық география (геопэтика). Геопэтиканың жалпы гуманитарлық негіздерін антикалық мәдениеттен, көркем аспектілерімен қатар, теориялық ізденістерден табуға болады (Аристотельдік “Поэтика”). Орыс геопэтикалық ойлау негіздерін әйгілі орыс жазушылардың (А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Ф.И.Тютчев, Л.Н.Гумилев, А.А.Ахматова, А.Блок, И.Бродский) және прозашылардың (Л.Н.Толстой, А.П.Чехов, М.А.Булгаков, А.Платонов, А.Грин) шығармашылығында және басқа өнер салаларында кездеседі. Семиотика-топологиялық бағыттағы жасалған зерттеулерде, қаланың геометриялық сызбалары мен көлік айрықтарын жасағанда, кеңістік сана “картографиялық” мәртебеге ие болады. [3, 71-72 бет]

Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы мен әлеуметтік-саяси өміріндегі маңызды орын алатын қасиетті орындардың бірі Абай ауданы. Абай ауданы 1928 жылы құрылды.

Территориялық аумағы – 20,9 м.кв. Халық саны – 16 978 мың адам. Экономикалық даму бағыты мал шаруашылығы саналады. Ауданның солтүстік және батыс аймақтарын ұсақ шоқылы жазықтық жерлер алып жатыр. Территориялық аумағында Шаған, Ащы су, Қарауыл, Құндызды, Шет, Мұқыр сынды өзендер ағып жатыр. Батыстан шығысқа дейінгі аймақта Шыңғыс таулары орналасқан. Ең биік шыңы Ханшыңғыс осында орналасқан. Шыңғыстаудың бөктерінде қазақтың атын шығарған дарынды тұлғалары дүниеге келді. Абай, Шәкәрім, Мұхтар сынды. «Абай жолы» романын оқығандарға ауданның бір көрінісінен-ақ сол заманның бейнесі көз алдына елестейді.

Семей – Қарауыл бағытындағы тас жол бойы атырабы саяхат сапары бағдарламасына енетін: Күшікбай => Қанай => Шілі өзек => Қасқабұлақ => Сырт Қасқабұлақ => Ойқұдық => Тәкежан бұлағы => Шұбартөбе => Ақшоқы => Кіші Ақшоқы => Шілікті кезең => Ұйтас => Ордада салынған, қойылып қоршалған қорған-ескерткіштер, алаң-аялдамалар, тас-тұғыр, тақта белгілер, құлпытас, бастау көз құбырлары мен құдық, көлдер – Абай, Мұхтар, Шәкәрім өмірлері мен шығармашылығы және дос, туыс, ақындық - өнер айналасынан аз сыр шертпейді [6, 8 бет].

Кемеңгер Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясындағы мекендердің суреттеуі өте әсерлі. «Абай жолы» романы бойынша туризмдік маршрут жасайтын болсақ, біз Абай Құнанбаевтың туған жерінен бастап, балалық шағын, ересек кезі мен үйленген кезін, әке болған, түрлі сезімдерге бөленіп өлең шығарған, өмірінің соңғы жылдарындағы кешкен түрлі жағдайлардың куәгері болғандай сезінеміз. Ақын, әрі хакім Абай, даналығымен сол заманда халқының жүрегін баураған.

Туристті “Абай жүрген ізбенен” таныс атауларымен ғана эпопеяның сан тарау, бөлім беттерін ашқандай елестету үшін, Семей-Ақшоқы-Орда-Жидебай-Қарауыл-Құндызды-Шыңғыс-Баршата-Аякөз арасындағы тізбелі сапар нүктелері қажет. Олар мынадай: Семей => Шағыл => Балтатарақ => Мұқыр => Арқалақ (Күшікбай асуы) => Қанай => Бөрілі => Миялы => Тышқан => Қасқабұлақ => Шолпан => Сырт Қасқабұлақ => Тәкежан бұлағы => Ойқұдық => Ералы қорығы => Ералы бейіті => Шұбар төбе => Ащысу => Кіші Ақшоқы => Үлкен Ақшоқы => Ырсай көлі => Көкірім көлі => Шолақ Арқалық => Есенбай => Кіші Орда => Ұйтас => Үлкен Орда => Шілікті кезең => Жидебай => Өртең => Көлқайнар => Қарауыл => Асылбек => Мұқыр => Тақыр => Қызылтас => Қарашоқы => Хан биігі => Құндызды => Жүрекадыр => Ақ байтал => Сарыкөл => Қызыл аша => Ақберді => Бақанас => Маян => Абай бұлағы => Шоқпартас => Байқошқар => Жәнібек => Балашақпақ => Кең қоныс => Шақпақ => Керуен бұлақ => Қара бұлақ => Жыланды => Барғана => Тай => Керегетас => Ботақан => Майөзек => Бура тиген => Үш қызыл => Қанды ағаш => Көп бейіт => Қарашоқы => Баршата => Көксала => Батпақ => Айғыз => Аякөз.

Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясында Абай өмірі мен шығармашылығы туралы зерттеу еңбектері бойынша жер-су атаулары 407 болса, олардың ең мол мекендері Шыңғыс тауының сыртында. Сол 407 атаудың ішінде Абай мен Шәкәрімдердің өздеріне ғана қатысты – жайлап, қыстаған, қона – түнеген, саят құрып аялдап аттанған, мәжіліс-мәслихат орындарының өзі ғана 200-ден асады.

Абай Құнанбаев 1845 жылдың жазында тамыздың 10 күні Абай ауданының Сырт Қасқабұлағында өмірге келген. Ізін қалдырған әйгілі жандардың дүниеге келуі, өмірде болған жағдайлары жайлы аңыздар көп айтылады. Абай халқында да әңгіме аңыздар өте көп айтылады. Мысалы, Бекен Исабаевтың “Ұлылар мекені” кітабында: ...Абай жарықтық тілі шығып, естияр болғанда, анасынан:

- Апа, мен туған күні үйдің іші қызылды-жасылды болып тұрып еді. Ол не? –деп сұрапты. Ұлжан ана:

- Есіме түсірсем – депті – сол күні жүн бояп, кептіріп қойып ек. [5, 125 бет]

Осы Сырт Қасқабұлақ жерінде Абай бір жылда екі рет жайлаған. Осы жерде ақын, хакім Абайдың “Күз” және “Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай” атты өлеңдері туған.

Бақанас өзені бойында Абайдың “Жаздыкүн шілде болғанда” өлеңі туған. Сонымен қатар, Шәкәрім Құдайбердиев, Ақылбай, Байкөкше, Әубәкір, Қабыш және басқа да өнер иелерінің шығармаларына арқау болған жер.

Сол ауылда Шәкәрімнің “Хожа Хафиз”, “Қорқыт”, “Сәлем Әбдіғали бауырым жалғызға” деген музыкалық туындылары ең алғашқы рет Кәрімқұл үйінде орындалған еді. “Бозторғай” күйін қобызбен осы ауылда сан рет тартқан. Шәкәрім Ботақан ошағында атылған жерінен түйеге артылып, осы Бақанасқа әкелініп, ақырғы екі түн түнеген жер...

Алдыңыздан аңыздай қашып, көз ұшында дөңгелене жөнелетін ұшы-қиыры жоқ кең шабындық – «Ералы жазығы» аталады. [7,44 бет] Себебі дәл осы жазықтықтың кіндік тұсында атақты Кеңгірбай бидің бел баласы Ералының зираты тұр. Оны жергілікті тұрғындар киелі санап, әулие тұтқан. Тіпті жол бұрылмай тұрғанда оған тоқтамай кететін қазақ болмаған. Қазірде көзден жырақтау көрініп тұрғанмен, әз баба әлі де өткен, кеткен жүргіншіге ақ жол, сәт сапар тілеп жатқан сияқты.

Ералының сонау кең жазығына Тәкежанболыс ояз бен ұлықтарға Дәндібай мен Дәркембайлардың үйлерін әжетханаға тіктіріп қорлағаны «Абай жолы» романынан белгілі. Осы Ералы жазығында Оспан Нұрғанымға үй ішінен құдық қаздырған. Романда: Ауыл қонып отырған жер – сазды көгал. Қай жерін қазса да құдық болады. Осыны ойлап,өзінің көршісінен үш бала жігітті қасына ертіп, ас үйіне кірді. Сондағы келіншекке от орнын босаттырып жіберіп, келген жігіттеріне: “Дәл осы үйдің ішінен құдық қазындар!”-деп бір-ақ бұйырды. [8, 145 бет]

Еңлік пен Кебекті басынан жалаңаштандырып, ат құйрығына байлап, сүйреп өлтіріп, топырағына олардың қаны сіңген - үлкен Ақшоқы. Ал «Абай жолы» эпопеясында, Еңлік пен Кебек моласы жайлы, үшінші кітабындағы Абай аға бөлімінде айтылады: Топтың алдына таман озғындатып келе жатқан Абай. Бір кішкене төбешікке қарай тартты. Ол төбенің басына шыққанда, барлық аттылар сәл ғана томпайып жатқан ескі екі моланы көрді. Жастардың жүзінде Абайдың бұл молаға тоқтағанын таңырқау бар. Олар осы ескі моланың кімнен қалған көне белгі екенін білмеуші еді. Абай атының басы өзгелерден оздырыңқырап кеп, қос молаға көз жіберіп, көп үнсіз тұрып қалды.

–Еңлік пен Кебек қуғыннан қашып, аяңдай боп, мына Орда тауын паналап, азғантай ғана дәуірен сүрген-ді. Сол бұйырмаған махаббат достықтан біткен екеуінің баласы, жүргектегі нәрестесі жас ұлан әкесі мен шешесінен айырылған күні жөргегінде жылаған күйінде мынау шеткі Ақшоқының ессіз биігінің басына апарып тасталды. Дәл сол қаза күні байып батқанша шегі қатып, жылап жатты. Суық дүние, тылсым дүние ортасында, тас бауыр адамнан алыс, жалғыздықта...үні өшті!..Мәңгі өшті!..—деді де Абай сөзін бітірді. [9, 8 бет]

Семей қаласынан 124 шақырым жерде кіші және үлкен Ақшоқы деп аталатын екі тау. Тобықты елі Шыңғысқа барып орналасқаннан кейін, Ақшоқылар негізінен Құнанбайдың әкесі Өскенбайдың күзегі болған.

15 жасында Ділдаға үйленген Абай Ақшоқы тауын 1860 жылдан бастап мекен еткен. Кейін бұл жерде Кәкітай өмір сүрген. Ол осы жерден Абай кітабын бастыру үшін, Петербургке көп рет барып қайтқан.

Арасы 1,5 шақырымдай жерде, Абай Кіші ақшоқыда, ал Ысқақ Үлкен Ақшоқыда тұрған.

1895 жылдың наурыз айында, Әбдірахман қайтыс болғаннан кейін, оның сүйегін Алматыдан Кіші Ақшоқыға әкеледі. Сондағы оның сүйіктісі Мағрипаның айтқаны: Әбішім, жаным, антым міне. Жүзіңді көріп...атаған сертім сол...Мен де талақ еттім тірлікті...Жетемін, тез жетемін соңыңнан...[10, 208 бет] -деді.

Семейде ауруға шалдыққан Мағауия да осы Шеткі Ақшоқыда дүние салған. «Абай жолы» романындағы төртінші кітабында: ...Содан кейін Павлов пен Абай екеуін ақылға ала отырып, Мағаштың қасына бұларды ертіп барып Станов байлау айтты. Бұның кеңесі бойынша Мағашты енді жолшыбай суық тидірмей, жылы орап жақсы күтіп отырып, қырға алып қайту керек. [11, 362 бет]

Шілікті кезең Семей қаласынан 130 шақырым жерде, тас жолды екі орда бөліп тастағандай, Үлкен Орда бауырында орналасқан. Шілікті кезең Шыңғыс елі мен Семей қаласын қатынастыратын жол болғадықтан, Абай, Шәкәрім, Мұхтар талай аялдап өткен жер. Орыс жазушысы Всеволод Ивановтың айтуынша, Мұхтар Әуезовтың Шілікті кезеңін суреттеуі дүние жүзі әдебиетінің ең таңдаулысының біріне жатқызады. Шілікті кезең – Абайдың сүйген жары Әйгерімнің туып өскен жері. «Абай жолы» романында: Екі жігіт (Абай мен Ербол) Семейден шығып, күн бата бергенде Орда тауының Шілікті кезең деген тұмсығына кеп ілінді. Дәл Шілікті кезеңде Орданы қыстайтын Мамай руының кедейлеу Байшора деген атасы бар. Жүргіншілер сол ауылдардың біріне жете қонамыз деп өктеген. Қала мен Орданың осы кезеңінің екі арасы жүз отыз шақырым. [8, 30 бет] -деп суреттелген.

Семей қаласынан 165 шақырым жерден оң жаққа 11 шақырым жерде Жидебай орналасқан. Жидебай - Абайдың балалық жастық шағының көп қызық, көп қиындықтардан өткен ата қоныс. Өмірінің соңғы он жылының мол сырларына да куә. Соңғы он жыл айналасындағы тағдыр зорлығы мен өмір әділетсіздігін “надандық” қиянатын көзбен көріп, көп тартып, көңілі қалған шағы еді. Олармен айқасып, күресіп жеңуге қуаты кеміп, қайраты қаржалып, шарасының аздығынан рухани жалғыздықтың шапасын шеккен ең бір мұңды да, қам көңіл де шағы осы жерде еді. Оның үстіне іні-серік тірегі Оспан мен аяулы ұл-ардағы Әбдірахман қазасы іркес-тіркес келіп, қан жылатып, қайғы да ойсыратқан қаралы жылдар оңай соққан емес еді. Осынау тағдыр талқысын басынан өткеріп, азабын азадай тартып, көңілі шерге толған ақынның өмір кезеңінің осы сәттерін мына бір өлең жолдары жеткізіп жатса керек:

Жүрегім менің қырық жамау,
Қиянатшыл дүниеден.
Қайтып аман қаласың сау,
Қайтқаннан соң әрнеден.
Өлді кейі, кейі - жау,
Кімді сүйсе бұл жүрек.
Кімі - қастық, кімі - дау,
Сүйенерге жоқ тірек.

Ақын жүрегі көптен айырылса да, жүрегі өлеңнен қайтқан жоқ. Мұхтар Әуезов: «Заманының ойы танымай талап жүрген кезінде де, талабы жанбай, қайғы мен арман дерті көп-көп міндетін артып жүргенде де Абайдың айнымай, қажымай ұстап қалған бір құралы – досы бар еді. Ол сол ақындық еді...» [12, 7 бет] Өзгелерден қалай айырылса да, айырылмас досы, серігі, осы – ақындық арқылы, келер ұрпақпен өлеңдері арқылы сұхбаттасқандай болады. Жидебайда 1894 – 1904 жылдар аралығында қыстаған кезінде, «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл» (1894), «Әсемпаз болма әрнеге» (1894), «Әбдірахманға» (1894), «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» (1895), «Әбдірахман өлгенде» (1895), «Кешегі Оспан ағасы» (1895), «Кешегі өткен ер Әбіш» (1895), «Әбдірахманның әйелі Мағышқа» (1895), «Туғызған ата-ана жоқ» (1896), «Адамның кейбір кездері» (1896), «Ой» (1896), «Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап» (1897), «Құлақтан кіріп, бойды алар» (1897), «Өмірден тепкі жесем жазығым жоқ» (1897), «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?» (1898), «Күн артынан күн туар» (1898), «Жүректе қайрат болмаса» (1898), «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз» (1898), «Жүрегім менің қырық жамау» (1899), «Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы» (1899), «Жүрегім нені сезесің» (1900), «Көлеңке басын ұзартып» (1900), «Көңілдің күйі тағыда» (1900), «Күнді уақыт итеріп» (1900), «Буынсыз тілің» (1901), «Қуанбаңдар жастыққа» (1901), «Жапырағы қуарған ескі үмітпен» (1901), «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» (1902), «Жүректеңіз, қызықтың бәрі-асыл тас» (1902), «Жалын мен оттан жаралып» (1903) [13, 296 бет] тағыда басқа, Абайдың 85ке жуық өлеңі жазылған. Сонымен қатар Михаил Юрьевич Лермонтов, Иван Андреевич Крылов, Яков Петрович Полонскийлердің шығармаларын аударған. М.Ю.Лермонтовтың 20 өлеңін және «Вадим» атты поэмасын аударған, ал

И.А.Крыловтың 14 шығармасын аударыпты. 10 жылда ақынның шығармашылығы жан-жақты дамып, өркендеді. Жемісті жылдар деп атасақ та болады. Жидебайда Абайдың 75-76 өлеңдері жазылды, олардың негізгі мазмұны ақын өмірінен алынды. 27 және 45 «Қара сөздері» жарық көрді. Абайдың философиялық «Қара сөздері» 1890-1898 жылдар аралығында жазылған. Өмірінде көргені мен түйгенін санасында диалог ретінде талқылап қағаз бетіне түсірген философиялық толғаулары. [2, 87] Ақынның жан дүниесінде жатқан терең ойлар мен тебіреністердің сипаты. Ойының нақтылығы, жоғары гуманистік идеялар осы қара сөздерінде жинақталған. Болашақ ұрпаққа жетер мол мұраның бірі.

Лермонтов пен Крыловтың еңбектері аударылды. Жидебай – Абай үшін киелі, ақындық шабыт пен философиялық толғаулардың мекені болды. [1, 134]

Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы мен әлеуметтік-саяси өміріндегі маңызды орын алатын қасиетті орындар бүгінде ұлттық бірлік пен жаңғыру нышаны ретіндегі нысандар болмақ. «Қасиетті Қазақстан» орталығының аймақтардан алған мәліметтеріне қазақстандық ғалымдар, өлкетанушылар, қоғам қайраткерлері бірлесе отырып, сараптама жүргізеді. Ал облыстардағы қасиетті, киелі жерлерді анықтау үшін жергілікті мәдениет басқармаларының жетекшілік етуімен тарихшылар, ғалымдар, қоғам қайраткерлерінен құрылған арнайы топтар жұмыс істеуде.

Рухани құндылықтарды зерттеп, оның нәтижелерін келешек ұрпаққа сақтауда үлкен мән және зор жауапкершілік жатыр.

Болашақтың жарқын болуына сену керек. Ұлтсыздануды жоюға талпыну керек. Қазақ ұрпағын ұлттық рухта тәрбиелеудің маңызы зор. Ол әрқайсымыздың қолымыздан келеді. Ең бастысы оның қажеттілігін түсініп қабылдау, мойындау парыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі – А., 1995 ж.
2. Абай туралы естеліктер. 1 кітап. – Семей – Абайдың мемлекеттік қорық-мұражайы, 2010. – 260 б.
3. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. ТАРИХИ ҒЫЛЫМДАР. ФИЛОСОФИЯ. ДІНТАНУ сериясы, 1(122)/2018. -123 бет.
4. Уваров М.С. Культурная география в культурологической перспективе (аналитический обзор) [Электрон.ресурс]. – 2011 – URL: [https://www.culturalresearch.ru/files/open_issues/04_2011/IJCR_04\(5\)_2011_Uvarov.pdf](https://www.culturalresearch.ru/files/open_issues/04_2011/IJCR_04(5)_2011_Uvarov.pdf)
5. Әуезов М.О. «Абай жолы» романы. – Алматы: Жазушы – 1 том – 1989 ж. – 6, 7, 8 беттер.
6. Медеуханұлы Ә. Абай жолымен. Абай Құнанбаевтың туғанына 170 жыл – Семей, 2015, - 52 б.
7. Чингистау. – Алма-ата: Өнер, 1991. – 64 стр.
8. Әуезов М.О. «Абай жолы» роман-эпопея. Екінші кітап. – Алматы: “Жазушы” 2009. – 432 бет. – “Қазақтың 100 романы” сериясы.
9. Әуезов М.О. «Абай жолы» роман-эпопея. Үшінші кітап. –Алматы: “Жазушы” 2009. – 384 бет. – “Қазақтың 100 романы” сериясы.
10. М.Әуезов. Шығармалар жинағы, 12 томдық. 7 том, 1968. - 214 бет. (86)
11. Әуезов М.О. «Абай жолы» роман-эпопея. Төртінші кітап. – Алматы: “Жазушы” 2009. – 400 бет. – “Қазақтың 100 романы” сериясы.
12. Ибрагимов Т. Жер әңгімеші. Дерек сарындыэсселі новеллалар. – Семей: Интеллект, 2009. – 112 б.
13. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. –Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. – 2004 – 296 бет. –78 бет.